

**"Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасын) бекіту ережесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті  
қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 341-  
НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 20 сәуірдегі N 120-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 20 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6240 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 235-НҚ Бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.10.14 № 235-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы № 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармағының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасын) бекіту ережесін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2656 тіркелген) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 341-НҚ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген уақытша өтемдік тариф (баға, алым ставкасын) бекіту ережесінде:

б - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай мазмұнда жазылсын:

«1) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін заңсыз көтеру;»;

1-1) тармақшада «тарифтік сметада көзделген» деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып, тариф қолданысқа енген күннен бастап уәкілетті орган өңірлік электр желілік компаниясына уақытша

өтемдік тариф бекіту туралы шешімді осы тармақтың 1), 1-1) тармақшаларында көзделген жағдайларда ғана қабылдайды.»;

7 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«шығындарды оңтайландыру»;»;

екінші бөлігінде «шығынның үнемін» деген сөздерден кейін «көрсетілген үнемді нақты пайдалануды растайтын материалдарды қоса бере отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Шығындарды оңтайландыру немесе реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын қолдану нәтижесінен туындаған, тарифтік сметаға салынған шығындардың бөлігін түбегейлі пайдаланбаған кезде табиғи монополия субъектісі бұл шығындарды уәкілетті органға растаушы материалдарды ұсына отырып жаңа өндірістік активтерді жасауға, кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, қайта құруға және техникалық қайта жарақтандыруға жібере алады.».

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және жиынтық талдау департаменті (Л.С. Ермакалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Е.О. Есіркепов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін:

1) оны ресми бұқаралық ақпарат құралдарында заңда белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Қ.М. Смағұловқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

*Н. Алдабергенов*